

Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай Мемлекеттік Педагогикалық Университеті

# Дисней Уолтер

**ОРЫНДАҒАН: ӨМІРБЕК З.Х**

**МАМАНДЫҒЫ: ПИМНО 1-КУРС**

# Жалпы мағлұмат



Аты-жөні: Уолтер Элайас Дисней

Туған күні: **5 желтоқсан 1901**

Туған жері: **Чикаго, АҚШ**

Қайтыс болған күні: **15 желтоқсан 1966 (65 жас)**

Қайтыс болған жері: **Лос-Анджелес, АҚШ**

Мамандығы: **суретші-мультпликатор (аниматор), режиссёр, сценарийші, продюсер, актер**

Кәсіпкерлік қызметінің бағыты:

**отбасылық кино**

# Биографиясы

Уолт Дисней өзінің балалық шағының өте сәтсіз өткендігін үнемі айтып отыратын. Уолт Дисней отбасының бесінші кенже ұлы еді. Әкесі Элайс Дисней ұсақ құрылыс бизнесімен айналысқан адам болатын. Ол өте қатал адам болған, қит етсе балаларын дүренің астына алатын. Отбасы өте кедей тұрды, сондықтан балаларды ойыншықпен алдандырмады, кішкентайларынан еңбек етуді талап етті. Уолт пошташы болып жұмыс істеді, еңбек ақысын шашау шығармай қатал әкесінің қолына әкеліп салатын. Бірде әкесі сүзек ауруымен ауырғанда, анасы оның ерніне апельсиннің бөлшектерін салды, соны көріп сілекейлерін жұтқан Диснейдің балалары апельсиннің дәмін көру үшін сүзекпен ауырып қалсақ екен деп армандады.





Диснейдің отбасы фермада тұрды, сондықтан да Уолт қорадағы жануарлармен достасып ойнағанды жақсы көретін. Ол жай ойнап қойған жоқ малдың әрқайсысын мұқият зерттеп, олардың қимыл-қылықтарын есінде сақтауға тырысты. Сөйтіп оның салған суреттерінің негізгі кейіпкерлері фермадағы жануарлар болатын. Осы ерекше жаратылған бала өз үйінің қабырғасына керемет әдемі үй салатын. Бірде ол бір жапырақ қағазға көршісінің биесінің суретін салды. Суреттегі биенің шын биеден айнымай қалғанына сондай риза болған көрші жас суретшіге төледі. Алғашқы табысына масаттанған балақай суреттерін көршілеріне сата бастады.



Оның әкесі белін жазбай жұмыс істейтін еңбекқор болғандықтан, суретшілердің бәрін жұмыс істей білмейтін кержалқаулар деп есептеді. Сондықтан да, былайша айтқанда ұлының суретші болам деген ынтасын онша қолдамады. Әкесі оны жиі жазалады, сондықтан да бала кезінде ол бұл менің өгей әкем шығар деп іштей тұжырымға келген. Уақыт өте келе олардың отбасы Канзас-Ситиге қоныс аударды.





Балалық шақ аяқталған кезде Бірінші дүниежүзілік соғыс басталды да, жас жігіт Уолт майданға аттанды. Алайда ол үшін соғыс деген «мульттойын» сияқты болып көрінеді. Уолт Қызыл Крестің «Жедел жәрдем» машинасына жүргізуші болып қызмет етті. Оның суретшілік таланты бұл жерде де пайдаға асты: ол соғысқа мүлдем қатыспаған солдаттардың су жаңа мундиріне әскери ордендерді, ал жап-жаңа каскаларды суретшінің қарапайым техникасын пайдалану арқылы оқ шұрық тескен жаудан түскен олжа ретінде көрсетті. Бұның бәрі оған айтарлықтай пайда түсірді. Уолттың машинасы жау оғынан қорғанатын жасыл далданың орнына әр түрлі көңілді суреттермен әшекейленді.




## Карьерасы:

Дисней 1920 жылы кинореклама студиясына суретші болып жұмысқа тұрады, онда ол өзінің алғашқы жарнамалық фильмдерін жасай бастайды — сол кезде ол сурет салған анимация әлемінде өз эксперименттерін жалғастырғысы келді. Уақыт өте келе Дисней Канзас-Ситиде өзінің бірінші "Laugh-O-Gram" анимация студиясын ашты, онда оның серіктесі және жетекші мультипликаторы Аб Айверкс болды. Алайда көп ұзамай фирма банкротқа ұшырады.



1922-1937 жылдары ол тек шығармашыл қызметкер ретінде өнер көрсетті, ал соғыстан кейін киноөндіріспен айналысты. 1923 жылы Дисней Лос-Анджелеске көшті, онда ағасы Роеммен бірге Голливудта «The Walt Disney Company» атты шағын анимациялық студия ашады. Дисней 1924 жылдың бірінші наурызында «Теңіздегі Алиса күні» атты өзінің бірінші трюковый фильмін ұсынды. Дәл сол кездері Дисней фильмдерінің стилі қалыптасты.







1927 жылы "Қоян Освальд" фильмі үлкен танымалдыққа ие болды, ал оның кейіпкерлері Дисней фильмдерінің галереясының атақты кейіпкерлерінің қатарын толтырды. Аб Айверкс салған Микки Маус тінтуірі алдымен Мортимер деп аталды, бірақ көп ұзамай ол бүкіл әлемге жақсы танымал «Микки Маус» атын алды. Микки Маус бірінші рет "Безумный аэроплан" (1928) фильмінде пайда болды, кейін сол жылы Диснейдің бірінші дыбыстық фильмі — "Пароходик Виллидің" (тарихтағы алғашқы синхронды дыбысы бар суреттелген фильм) кейіпкері болды. Алғашында Миккиді Дисней өзі дыбыстаған болатын. Бұл кейіпкер Диснейдің табысқа жол ашуына көп септігін тигізді. Сонымен қатар, Микки Маус «Walt Disney» компаниясының логотипі болып табылады.

Дисней 14 жасында газеттерді сатып жұмыс істеп жүрген кезінде Ақшақар туралы қысқа метражды мылқау мультфильм көрген болатын және ол сол мультфильмді жадында сақтап қалған болатын. 1934 жылдың күзінде Дисней ағайынды Гримм ертегісінің желісімен сценарийдің алғашқы нобайын жасады. Бұл сценарийдің соңғы нұсқасында Диснеймен бірге бірнеше адам жұмыс істеді, соның ішінде Отто Ингландер, Эрл Хард және Тэда Сирс бар. 1937 жылдың 21 желтоқсанында Америка экрандарында алғашқы рет ағайынды Гримм ертегісі бойынша Диснейдің «Ақшақар және жеті ергежейлі» атты толық метражды анимациялық фильм көрсетілді. Бұл толық метражды мультфильм Диснейге үлкен жетістік әкелді. Яғни, ол ең алдымен үлкен танымалдылыққа және 8 млн доллар табыс көзіне ие болды.



# Уолт Дисней отбасымен



1925 жылдың шілдесінде өз студиясының хатшысы Лилиан Боундсқа (1899-1997) үйленді. 1933 жылы олардың қызы Дайан Мэри дүниеге келді. Екінші баланы тууға мүмкіндігі жоқ ерлі - зайыптылар 1937 жылы балалар үйінен кішкентай қызды асырап алып, оған Шэрон Мэй Дисней (1936-1993) атын берді.

Дайананың айтуынша, Уолт Дисней үлгілі отбасы басшысы болды, жұмыстан бос уақытын отбасына арнады, қыздарымен жиі серуендеді.





## Продюсерлік жолы:



1948 жылы Уолт Дисней өзінің атақты түрлі — түсті білім беру фильмдерін түсіре бастады. Негізінен табиғат туралы — атап айтқанда, «Тірі шөл" (1953) және «Жойылып бара жатқан прерия" (1954) фильмдері жарық көрді. Бұл фильмдердің режиссері Джеймс Элгар болды.

Сол кезде жас көрерменге арналған Роберт Льюис Стивенсонның "Қазына аралы" (1950) (режиссері Байрон Хаскин) және "Робин Гуд" (1952) (режиссері Кен Аннакин) фильмдерін, сондай — тірі актерлер мен анимация біріктірілген "Мэри Поппинс" (1964) мюзиклін түсіре бастады. Бұл фильм бес "Оскармен" марапатталды. Барлық осы фильмдерде Дисней продюсер ретінде ат салысты, түсірілім барысын бақылап, фильмдердің көркемдік жағына үлкен үлесін тигізді.

# Disneyland Park

Диснейленд – Анахайм қаласындағы (Калифорния штаты, АҚШ) «Уолт Дисней» компания бөлімшесі - *Walt Disney Parks and Resorts*тың басқаруындағы ойын-сауық паркы. 1955 жылдың 17 шілдесінде ашылған Уолт Диснейдің ересектер мен балаларға да қызық болатын мультфильмдер мен ертегілер әлемі бар паркы туралы ойларының іске асырылған бірінші тақырыптық паркы болып табылады.



Диснейленд туралы ой Уолт Дисней қыздарымен 1930-1940 жылдары әртүрлі ойын-сауық парктерін кезіп жүргенде пайда болды. Бастапқыда ол аттракциондарды Бербанктегі студиясының қасында өзі шығарған мультфильм кейіпкерлерінің әсіре жанкүйерлерінің көңіл-күйлерін көтеру үшін орналастыруды ойлады, бірақ кейін ойластырылған орынның тым кішкентай екенін аңғарды. Кеңесшіні жалдап Уолт Дисней 1953 жылы Анахай қаласының қасындағы 160 акр (65 га) жерді сатып алды. Келесі жылдан бастап құрылыс жұмыстарын бастап, 1955 жылдың 17 шілдесінде парк келішулерге ресми түрде ашық болып жарияланды.







1966 жылы 15 желтоқсанда Дисней Лос-Анджелесте өкпе обырынан қайтыс болды. Осыдан кейін оның атын иеленген компания өз фильмдерінде темекі көрсетуден бас тарту туралы стратегиялық шешім қабылдады. Ол қайтыс болғаннан кейін киностудия барлық жастағы балаларға арналған анимациялық және ойын фильмдерін түсіруді жалғастырды. 1968 жылы Дисней қайтыс болғаннан кейін оны АҚШтың жоғары наградасы — Конгрестің Алтын медалімен марапаттады.



## ҚЫЗЫҚТЫ МӘЛІМЕТТЕР:



- ◆ Уолт Диснейдің фильмографиясында 93 толық және қысқа метражды фильмдер мен мультфильмдер бар.
- ◆ Уолт Дисней “Оскар” сыйлығының жиырма алты марапатын, “Золотой Глобус” сыйлығының бес марапатын және тағы да басқа отыз үш түрлі марапатқа ие болған.
- ◆ Уолт Дисней тышқандардан қорыққан.
- ◆ Өкпе обырының салдарынан клиникада сөйлеуге мүмкіндігі болмай ауыр халде жатқан Дисней Уолттың қағаз бетіне соңғы жазған сөзі “Курт Рассел” болды. Алайда бұл сөздің мағынасын күні бүгінге дейін ешкім білмейді, тіпті актер Курт Рассельдің өзі де бейхабар.
- ◆ Диснейлэндте жыл сайын 6000 ұялы телефон, 12000 сандық камера және 18000 қалпақ жоғалады.



**Все наши мечты могут  
стать реальностью, если у  
нас хватит смелости  
следовать им до конца**



**© Дисней  
Уолтер**